

Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы 3 наурыздағы № 1/130 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" 2022 жылғы 20 шілдедегі № 3/342 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28868 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Алматы қаласының әкімі

Д. Сатыбалды

Алматы қаласы әкімдігінің 2026 жылғы

" 3 " наурыздағы № 1/130 қаулысына

қосымша

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы

"20" шілдедегі № 3/342 қаулысына

қосымша

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

р/с	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Тәрбиеленушілер саны	Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Айына тамақтану үшін бір балаға төленетін ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)	37 930	57 608	25 000
2	Бөбекжай-балабақша (жеке меншік)	53 062	57 608	25 000
	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)			

3	бөбекжай-балабақш алардың жанындағы арнайы топтар)	236	102 514	-
---	--	-----	---------	---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК